

УДК 615.1:54.322

**С.Е. КЕЛИМХАНОВА, Л.Г. САТАЕВА, Г.Г. СМЕТОВА, К.К. АБДУЛЛАЕВА, А.Б. МУКАНОВА, М.Н. ДАРИБАЕВА, Ш.М. АБДИЛОВА, С.А. ШИЛМАНБЕТОВ**

*С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ.*

## ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРҒА АТАУЛАР ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?



Сметова Г.Г.



Абдуллаева К.К.

Бұл мақалада дәрілік препарат атауының астарында не жатыр, атауды шифрдан қалай шығаруға болатындығы жайлы сұрақтарға әдеби шолу жасалынды. Атау «Адам – ақпарат-дәрілік зат» жүйесінің бір бөлігі. Адам мен дәрілік зат арасында ақпарат тұрады. ДЗ туралы ақпарат – оның атауы. Атаулар не мағына беретінін түсінбестен бұрын, негізгі терминдер мен анықтамаларды білу қажет. Әдеби шолу барысында, барлық дәрілік препараттар профессионалды ортаға мәлім, белгілі бір сөзқұраушы элементтермен жасырылатындығы, дәрілік препарат атауларының түрлері жайлы мәліметтер қарастырылды. Дәрілік препарат атауының астарында оның қасиеті, мөлшері, тағайындалуы, тиімділігі, қауіпсіздігі және сапасы сияқты өте маңызды ақпараттар жатыр.

**Негізгі сөздер:** дәрілік заттар, патенттелген дәрілік препараттар, халықаралық патенттелмеген атау, дәрілік препарат жайлы ақпараттар.

**Для ссылки:** Келимханова С.Е., Сатаева Л.Г., Муканова А.Б., Дарибаева М.Н., Абдилова Ш.М., Шилманбетов С.А. Дәрілік препараттарға атаулар қалай беріледі? // Журн. Медицина. – 2015. – №1 (151). – С. 87-89

**Е**мдеу үрдісін толық қамтамасыз ету үшін провизорлардың да қатысуы талап етіледі, себебі дәрі-дәрмексіз қазіргі кезде емдеуді жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан дәрілік затты рационалды таңдау – бұл дәрігерлер мен провизорлардың ортақ мәселесі. Өз кезегінде дәрілік заттарды қолдану және таңдау олардың атауынсыз мүмкін емес. Сол себепті дәрілік заттардың атаулары жайында айтуды жөн көрдік [3, 4].

Қазақстан Республикасында дәрілік препараттардың жыл сайынғы тіркелетін саны арта түсуде. Оларға дәрігерлер мен провизорлардың ыңғайлануы күрделене түсті. Елімізде отандық препараттардан өзге де елдердің дәрілік препараттары тіркелген. ҚР дәрілік препараттар айналымы «жаһандану айнасы» іспеттес. Сонымен, қазіргі заманғы Қазақстан – бұл дәрілік заттың жаһандық бөлшегі. ҚР – да тіркелген препараттардың көпшілігі – Европада өндіріледі [1].

Дәрілік препарат атауының астарында не жатыр, атауды шифрдан шығару біздің мақсатымыз. Атаулар не мағына беретінін түсінбестен бұрын негізгі терминдер мен анықтамаларды білу қажет [5].

«Дәрілік зат» – аурудың алдын алу, диагностикасы және ауруды емдеу үшін қолданылатын заттар. «Дәрілік пре-

парат» – мөлшері белгілі қолдануға дайын дәрілік заттар. «Фармацевтикалық субстанция» – шынайы әсер етуші негіз, дәрілік препараттың құрамына кіреді, оны дәрілік препарат ядросы деп атасақ та болады [23].

Енді дәрілік препарат атауларының классификациясына келейік. Дәрілік субстанция үшін атаулардың келесі түрлері қолданылады:

1. Ғылыми атаулар – бұлар химиялық немесе ботаникалық атаулар. Химиялық атаулар, мысалы «Натрий хлориді». Ботаникалық атауға мысал – «Дәріханалық түймедақ».

2. Жалпы қабылданған атаулар – бұл халықаралық патенттелмеген немесе ұлттық патенттелмеген атаулар [12].

Енді «жалпы қабылданған атауларды» талдаймыз. Олар қазіргі заманғы дәрілік заттар арсеналында негізгі орынды алады [32, 18]. Сондықтан осы атауға егжей-тегжейлі тоқталамыз. «Халықаралық патенттелмеген атау» (ХПА) деген не? [8].

Қазақша: «Фармацевтикалық субстанциялар үшін халықаралық патенттелмеген атаулар». Орысша: «Международное непатентованное название для фармацевтических субстанций» – МНН [15].

Ағылшынша: «International Non – proprietary Name for pharmaceutical substance» – INN. Халықаралық патенттел-

**Контакты:** Келимханова Сауле Есенкуловна, д.фарм.н., профессор модуля «Фармацевт-фармакогнос» Казахского национального медицинского университета им. С.Д. Асфендиярова. Тел: + 7 778 490 79 59, e-mail: kelimhanova@mail.ru

**Contact:** Saule Esenkulovna Kelimhanova, Doctor of Pharmaceutical Sciences, Professor of "Pharmacist – pharmacognosist" module of Kazakh National Medical University n.a. S.D. Asfendiyarov, Almaty c. Tel. + 7 778 490 79 59, e-mail: kelimhanova@mail.ru

меген атау өсімдік текті дәрілік заттарға, гомеопатиялық дәрілік заттарға қойылмайды! [21].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) патенттелмеген атау түсінігіне берген анықтамасының сөзбе-сөз аудармасы: «Халықаралық патенттелмеген атау» – бұл фармакологиялық белсенділікке ие фармацевтикалық заттың бірегей атауы. Бұл – осы атаумен әлемнің кез-келген заңды және жеке тұлға шектеусіз қолдана алады деген мағына. Неге ХПА қажет? Неге дәрілік зат туралы ақпаратты қиындата береміз? [7]. Әрине, химиялық атаулар жақсы – ақ, егер сөз натрий хлориді немесе ацетилсалицил қышқылы жайында болса... Ал Омепразолды химиялық атауымен атау қиындық туғызады – 5-метокси-2-(((4-метокси-3,5-диметил-2-пиридил) метил) сульфанил) бензимидазол [21].

ХПА лингвистикалық структурасы қалай құрастырылады? Бұл дәрілік заттың химиялық атауы-коды [29]. Сонымен қатар фармакологиялық активтілікке сілтеме жасайтын «ортақ негіз». Ортақ негіз фармакологиялық активтіліктің белгілі түрін нұсқайды. Мысалы: цефалоспорииндер тобының ортақ негізі «цеф» – цефазолин. Ал, тетрациклиндер тобының антибиотиктерінің ортақ негізі – «циклин» – «Доксициклин». Негізінде «шифрлау әдісі» шифр астарында не жатқанын жасыру үшін қолданылатын әдіс [14]. Арнайы сөз құраушы элементтер мыналарды нұсқайды: дәрілік препараттың құрамын, фармакологиялық әсерін, фармацевтикалық әсерін.

Мысалы, әсер етуші заттың шығу тегіне сілтеу көрсететін ақпаратқа ие сөз құраушы элементтер:

1. Шығу тегі өсімдік екенін нұсқау: «fito», «phyto», «plant», «mint». Мысалы, Fitovit, Chophytol, Plantex, Falimint.

2. Шығу тегі жануар екенін нұсқаушы элементтер: «Vipra» – гадюка жылан. Мысалы, Vipraxin. «Cerebrum» элементі (бас миы). Мысалы, препарат Cerebramin. Жануар миынан жасалған препарат [2].

**Дәрілік препарат құрамына кіретін заттың мөлшері туралы ақпаратты шифрлау.** Multi, maxi, poly, bi, penta, deca элементтерін қолдану арқылы жүзеге асады. Мысалы, Biseptol, Pentalgin.. Мөлшерлеу (дозировка) туралы ақпарат та дәрілік препарат атауына енгізіледі [13]. Жалпы танымал элементтер: micro, mini, macro. Мысалы, препарат Microlut. Препарат атауында қолдану туралы ақпарат та шифрланады. Егер препарат ауыз арқылы енгізілсе, «ог» немесе «per os», элементтерін қолдануға болады. Мысалы, «Orungal». Егер бұл пластырь болса, «plast» элементі, мысалы, «Beriplast». Ингаляциялық жолмен енгізілетін препарат болса, «Ingalatio» элементі қолданылады, мысалы, препарат «Ingalypum» [16].

Дәрілік препараттың фармакологиялық әсерінің күші және жылдамдығы атауға енгізіледі. «Forte» – күшті әсерді білдіреді, препарат – «Mezum forte». «Rapid» – препарат әсерінің лезде пайда болатынын меңзейді. Мысалы, препарат «Insulrap» – инсулиннің әсері лезде басталатынын көрсетеді [19]. «Деро» элементі ұзақ фармакологиялық эффектін бар екенін білдіреді. Мысалы, «Deromedrol» препарат организмде деполанып, қажетті дозада организмге емдік әсер көрсететіндігін астарлайды. «Retard» элементі қабылдаған препараттың негізгі әсер етуші затының баяу бөлініп шығатынын білдіреді. «Long», «Lente» элементтері

препарат ұзақ сер ететіндігін білдіреді, мысалы, препараттар «Insulin lente», «Nitrong» [15].

#### Дәрілер атауының қауіпсіздік мәселелері:

АҚШ – да дәрігерлер қателігінің әсерінен болған өлімнің әрбір оныншысы – дәрілік зат атауларын шатастырумен байланысты. Сонымен, атауды рационалды таңдау өз алдына күрделі мультидисциплиналық проблеманы көрсетеді [9, 17] Біріншіден бұл – құқық, яғни интеллектуальды меншікті патент түрінде және сауда белгісі ретінде қорғау, екінші жағынан бұл – экономика. Әрбір атау артында, егер ол фармацевтикалық нарықтың бренді болса, миллиард доллар тұрады.

Атау «Адам – ақпарат-дәрілік зат» жүйесінің бір бөлігі. Адам мен дәрілік зат арасында ақпарат тұрады. ДЗ туралы ақпарат – оның атауы. Дәрілік зат 100 жыл бұрын химиотерапияның негізін салған Пауль Эрлих армандаған «Сиқырлы оқ» бола алады. Немесе бұл аса қауіпті бір елде жүздеген мың адамға ажал әкелетін аса қауіпті химиялық қаруда бола алады [17, 6]. Сондықтан медицина мен дәрілер туралы бүкіләлемдік ақпаратты интеграциялайтын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы анықтама ұсынды. *Есте сақтауымыз керек!* «ДЗ – бұл нақты дәрілік қалыптағы әсер етуші фармакологиялық зат және ол туралы ақпараттың бүтіндігі» [8].

#### КОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Белоусов Ю.Г. Дженирики – мифы и реалии // Ремедиум. – 2003. – №7-8. – С. 4-9
- 2 Нифантьев О.Е., Мешковский А.П. Аббревиатуры, термины, определения в сфере обращения лекарственных средств: (слов.-спр.). – М.: Б. и., 2001. – С. 78
- 3 ОСТ 91500.05.001-00. «Стандарты качества лекарственных средств». Основные положения. <https://books.google.kz>
- 4 Машковский М.Д. Лекарственные средства. Пособие для врачей: в 2 т. – М.: ООО «Новая волна», 2000. – 608 с.: илл.
- 5 Практическое руководство по регистрации лекарственных средств // под редакцией А.В. Катлинского, Р.У. Хабриева. – М.: ИИА «Ремедиум», 2001. – 527 с.
- 6 Чекман И.С., Туманов В.А., Горчакова. Н.А. Термины в фармакологии и фармации. Словарь. – Киев: Выща школа, 1989. – 208 с.
- 7 Руководство ВОЗ: факторы нерационального использования и продвижения лекарственных средств. – 2007. <http://apps.who.int>
- 8 [www.cochranelibrary.com](http://www.cochranelibrary.com)
- 9 Косова И.В. Организация и экономика фармаций – М., 2002. – С. 156-170
- 10 Концепция национальной лекарственной политики РК №584: <https://www.nv.kz>
- 11 Закон РК «О системе здравоохранения» №430-ІІ от 04.06.03 г.: <https://www.pharmprice.kz>
- 12 Харкевич Д.А. Фармакология. 8 изд. – М.: Медицина, 2004. – С. 140-150
- 13 Кукес В. Г. Клиническая фармакология. – М.: ГОЭТАР-Медиа, 2008. – С. 5-7
- 14 Арыстанов Ж.М. Фармацияның ұйымдастыруы. – Шымкент, 2003. – 125 с.

- 15 Арыстанов Ж.М. Фармация саласындағы менеджмент негіздері. – Шымкент, 2008. – С. 19
- 16 Багирова В.Л. Управление и экономика фармации. – Москва: Медицина, 2004. – С. 26-29
- 17 Лоскутова Е.Е. Управление и экономика фармации. – Москва: ACADEMIA, 2003. – С. 34-39
- 18 Косова И.В. Организация и экономика фармации. – Москва, 2004. – 89 с.
- 19 Закон РК от 07.07.06 № 170-III «Об охране здоровья граждан Республики Казахстан». [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)
- 20 Закон РК от 13.01.04 № 522-III «О лекарственных средствах». [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)
- 21 Сборник законодательных и нормативных актов по фармацевтической деятельности (второе издание). – Алматы, 2006. – С. 26-21
- 22 Абдуллин К.А. Экономика фармации. Учебное пособие. – Алматы, 2006. – 195 с.
- 23 Shargel L. Comprehensive Pharmacy Review 8E & Practice. – Oxford, 2007 – 123 p.
- 24 Грибов В.Д., Грузинов В.П. Экономика предприятий. Учебн. практикум. 3-е изд. – М.: Финансы и статистика, 2004. – С. 34-45
- 25 Управление и экономика фармации. Учебник / под ред. Багирова В.Л. – М.: ОАО Издательство «Медицина», 2004. – С. 90-92
- 26 [www.dari.kz](http://www.dari.kz)
- 27 Управление и экономика фармации / под ред. Е.Е. Лоскутовой. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – С. 56-78
- 28 Информационные статьи о рациональном использовании лекарственных средств с сайта [www.who.int](http://www.who.int).
- 29 <http://pharmacy.umich.edu/medchemlibrary/files/genericnames.html>

# РЕЗЮМЕ

**С.Е. КЕЛИМХАНОВА, Л.Г. САТАЕВА, Г.Г. СМЕТОВА,  
К.К. АБДУЛЛАЕВА, А.Б. МУКАНОВА, М.Н. ДАРИБАЕВА,  
Ш.М. АБДИЛОВА, С.А. ШИЛМАНБЕТОВ**  
*Казахский национальный медицинский университет  
им. С.Д. Асфендиярова, г. Алматы*

## ЧТО КОДИРУЕТ НАЗВАНИЕ ЛЕКАРСТВЕННОГО ПРЕПАРАТА?

В данной статье приведен обзор литературных данных, посвященных изучению кодировки названия лекарственных препаратов. Название – это часть системы «потребитель–информация–лекарственный препарат». Между потребителем и лекарственным препаратом находится информация. Основа информации о лекарстве – это его название. Прежде чем искать смысл названий, нужно знать основные термины и некоторые правила. В литературный обзор включались все виды информации о лекарственном препарате, которые можно зашифровать известными в профессиональной среде определенными словообразовательными элементами, и классификация названий лекарственных препаратов. Название лекарственного препарата кодирует информацию о его свойствах, дозировке, назначении и других важных характеристиках – эффективности, безопасности и качестве.

**Ключевые слова:** *лекарственные средства, международное непатентованное название лекарственных препаратов, информация о лекарственных препаратах.*

## SUMMARY

**S.E. KELIMHANOVA, L.G. SATAYEVA, G.G. SMETOVA,  
K.K. ABDULLAYEVA, A.B. MUKANOVA, M.N. DARIBAYEVA,  
Sh. M. ABDILOVA, S.A. SHILMANBETOV**  
*Kazakh National Medical University  
n.a. S.D. Asfendiyarov, Almaty c.*

## WHAT TYPE OF INFORMATION DRUG'S TITLE CAN GIVE US?

This article provides an overview of the literature data on the study of the encoding name drugs. The title is part of the “consumer-information-medication”. Between the consumer and the drug is information. Based on information about the medicine – it is his name. Before searching for the meaning of the names you need to know the basic terms and some of the rules. In the literature review included all kinds of information on medications which can be encrypted in known in the professional environment defined the derivation and classification of drug name. Name of drug encodes information about its properties, dosage, appointment and other important characteristics – efficiency, safety and quality.

**Key words:** *drugs, drugs' international not registered title, information about drugs.*

Статья поступила в редакцию 15.01.2015 г.